

"Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" Шиелі ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 5 наурыздағы № 4 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 29 қазандағы № 126 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 қазанда № 7764 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 50-бабының 2-тармағына сәйкес Шиелі ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" Шиелі ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 5 наурыздағы № 4 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7273 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 13 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасындағы 12 және 19 қатарлар жаңа редакцияда жазылсын:

12	Қарғалы ауылдық округінің Бұланбай бауы ауылы	Бейбітшілік көшесі №20 үй
19	Қоғалы ауылдық округінің Тұрсынбай датқа ауылы	А. Құнанбаев көшесі №4 үй

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Т. Мусаханов

"КЕЛІСІЛДІ"

Шиелі аудандық сайлау

комиссиясымен